

Бекітемін
«№5 жалпы білім беретін мектебі»КММ
директоры Р.О. Капарова



**«№5 жалпы білім беретін мектебі»КММ 2020-2021 оқу жылына
арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құрес бойынша жоспары**

№	Iс –шаралар	Отілетін мерзімі	Отілу түрі	Жауаптылар
1	Сыйбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды болдырмау мақсатында бұйрық шығару	Қыркүйек	Бұйрық	Мектеп директоры Р.О.Капарова
2	Педагог қызметкерлерін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құрес туралы ҚР Заңымен таныстыру. Сыйбайлас жемқорлықтың алғышарттары мен алдын алу шаралары бойынша түсіндірме жұмыс	Қыркүйек	Дөңгелек үстел	Мектеп директоры Р.О.Капарова
3	«Адал Үрпақ » адалдық клубының жоспарын күру,бекіту	Қыркүйек	Жоспар Таныстырылым	Аға тәлімгер Балгабаева А.Қ
4	Сыйбайлас жемқорлық – қоғамның өзекті мәселесі	Қыркүйек	Сынып жетекшілердің отырысы	Директордың ТЖ орынбасары Э.К. Сайдалина
5	Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы занылыштарды түсіндіру бойынша ата-аналармен кездесу	Казан	Ата-аналар жиналышы	Директордың ТЖ орынбасары Э.К. Сайдалина
6	Сыйбайлас жемқорлық болдырмаудың алдын алу	Қантар	Мектеп басшысы	Мектеп директоры Р.О.Капарова

	жолдары		жанындағы кенес	
7	Сыбайлас жемқорлықпен күрс-бұғінгі күндегі басты мәселе	Ақпан	Дебат	«Адал ұрпак» ерікті мектеп клубы
8	«Сенім телефоны» қызметін, жеке және заңды тұлғалардың хаттары мен өтініштері жәшігінің жұмысын орналастыру және қадағалау	ұнемі	Түсіндірме	Директордың ТЖ орынбасары Э.К. Сайдалина
9	Балалардың жазғы демалысын және тегін тамақтандыруды ұсыныс бойынша жұмыс ұйымдастыру	Жыл бойына	Ақпарат	Әлеуметтік педагог Байкенжина А.С
10	«Жемқорлыққа жол жок!» тақырыбында құқық органдарымен бірлесіп кездесу өткізу	Сәуір	Кездесу	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.К. Сайдалина
11	Сыбайлас жемқорлықпен жұмыс» КР-сы Заңының орындалуына байланысты мектеп қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне деген ауызша және жазбаша шағымдарын қортындылау	Жыл бойы	Түсіндірме	Мектеп директоры Р.О.Капарова.
12	«Заңды білмеу жазадан босатпайды»	Сәуір	Дәріс сабактар	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.К. Сайдалина
13	Мектепті бітіргені туралы күжаттарды қарап, тексеру	Маусым	Сараптама	Мектеп директоры Р.О.Капарова

14	Мектеп бітіруші түлектерге жұмыс туралы хабар беру	Маусым, шілде, тамыз	Ақпарат	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Рябова О.П.

**«№5 жалпы орта білім беретін мектебі»КММ ұжымының сыйбайлас
жемқорлыққа қарсы күрес жиналышының
ХАТТАМАСЫ**

**Қатысқандар -35
Қатыспағандар-0**

Күн тәртібінде:

1. Педагог қызметкерлерін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы
ҚР Заңымен таныстыру. Сыйбайлас жемқорлықтың алғышарттары мен
алдын алу шаралары бойынша түсіндірме жұмыс» атты тақырыпта
дөңгелек үстелдің өтілуі туралы

Тындалды: мектеп директоры Р.О.Капарова

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы іске асыру мақсатында «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы он үдерістер» атты тақырыпта баяндама оқыды. Баяндамада осы күнге дейінгі сыйбайлас жемқорлыққа тосқауыл қою мақсатында көптеген іс-шаралар жүзеге асырылып жатқанын мәлімдеді. Атап айтатын болсақ Қазақстанның мемлекет дамуының алдынғы кезеңдерінде жалпы мойындалған нәтижелерге қол жеткізгені туралы , сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ісінде айқын он үдерістер байқалды. Бұл ретте алдын алу-профилактикалық қызмет жана құрылған орган үшін басымды болып табылды. Баяндама барысында қазіргі танда жазадан ешкімніңде бұлтартпастығы қағидаты туралы түсіндіріп өтті. Мұғалімдер мен кіші қызметкерлерге арнағы дайындалған жемқорлыққа қарсы күрес бойынша парақшалар көрсетіліп таратылды. Баяндама барысында осы сала бойынша мекеме қызметкерлері өз сауаттылықтарын одан ары дамытты деп ойлаймын.

Сөйлемді:: Директордың ТЖ орынбасары Э.К.Сайдалина «Шешімін талап ететін проблемалар» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндамашы қазіргі танда шешімін таптаған сұрақтар мен проблемалардың бар екендігі жайлы айтып кетті. Сыйбайлас жемқорлық проблемасы барлық елдерде бар, ол әлеуметтік – экономикалық ілгерілеуді баяулатып, тек өзіне тән көріністермен және ауқымымен ерекшеленеді. Қазіргі танда зан аясында көптеген жұмыстар атқарылып, көптеген адамдар жауапқа тартылып жатқандығын ескеретін болсақ, сонда да елімізде жемқорлық дерті өршіп тұрғандығы айтылды. Жемқорлық бойынша тек бір тарап қана емес екінші тарапта жауапты екендігі туралы айтылды. Алдын алу – профилактикалық

жұмыста да жүйелік жоқ. Осы орайда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган үшін қылмыстық қудалауға қарағанда, сыйбайлас жемқорлық көріністерінің себептері мен жағдайларын айқындау мен жоюға бағытталған алдын алу шараларын әзірлеу және қабылдау басымдық болуы тиіс екендігі туралы тоқталып кетті. Жемқорлық казіргі таңда еліміздің экономикасына кері әсерін тигізіп жатқан үлкен мәселердің бірі екендігін атап айтты. Кез-келген адам өз құқығын білу керектігін және барлық заңдарды жетік білу керектігін көрсетті. Барлық қызыметкерлерге осы семинар арқылы әр адам Жемқорлыққа жоқ деп айта алғындағы сауатты және саналы болуы керектігін түсіндірді.

Шешім:

Мекеме қызыметкерлерімен өткен «Қазақстан Республикасы 2015-2025 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құрес стратегиясы: негізгі мақсаттар және міндеттер» тақырыбында өткен жиналыс қанағаттанарлық деп танылсын.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар одан ары қарай жандандырылсын.

«№5 жалпы орта білім

беретін мектебі» КММ директоры :  Р.О.Капарова

**«№5 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ сыйбайлас жемқорлыққа
қарсы күрес туралы сынып жетекшілер отырысы жиналышының
ХАТТАМАСЫ**

**Қатысқан адамдар саны: 35
Қатыспағаны-0**

Күн тәртібінде:

1. Сыйбайлас жемқорлықпен күрес - баянды болашақтың кепілі

Аталған мәселе бойынша директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Э.К.Сайдалина баяндама оқыды.

Сыйбайлас жемқорлық әдетте құшті әрі зиянды жағынан кез келген елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына әсерін тигізді. Қазақстан 2030 – даму стратегиясында көрсетілген сыйбайлас жемқорлықпен күресу іш-шаралары құқықтық мемлекеттің пайда болуы мемемлекеттік Қазақстанның қызметінің жаңашылдануымен тығыз байланысты.

Сыйбайлас жемқорлық (латын тілінен аударғанда, бұзу деген мағынаны білдіреді) – лауазымды тұлғаның өзінің биліктік өкілеттіліктерін, өзіне жүктелген құқықты жеке пайdasы үшін пайдаланып, бекітілген ережеге қарсы әрекет етуінен туынтайтын. Бұл термин көп жағдайда бюрократтық аппарат пен саяси элитаға катысты қолданылады.

Сыйбайлас жемқорлық – бұл ұйымдаскан қылмыс катализаторы, оның өмір сүру ортасының қажетті бар бөлігі: Бір-бірімен тығыз байланысан бұл құбылыстар мемлекетке де, қоғамға да өте қауіпті әсіресе жаңа қалыптасып келе жатқан демократия жағдайында коррупция ұятқа қалдыруы мүмкін, мемлекеттік қызметтегі адамдардың сеніміне тазалығына күмән туғызады, сенімсіздік оларға ғана емес, жалпы мемлекет беделіне нұқсан келеді, конституциялық құқықтар тапталады, зандаудың принциптері бұзылады, сол себепті ҚР-дың дамуы, одан әрі өсуі тежеледі. Осының барлығы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күресті заңмен реттеу қажет екенін көрсетеді, жана зандаудар мен ережелер қабылдау керек. 2002 ж. 20 қыркүйектегі № 949 ҚР құқықтық саясат Концепциясында атап айттылған: негізгі міндет қызмет орнын пайдаланып киянат жасауға жол бермей, қаржы-шаруашылық қызметі саласындағы мемлекеттік бақылау жүйесін жетілдіру, мемлекеттік органдардың Сыйбайлас жемқорлық алдын-алу жұмыстарының тиімділігін арттыру, қызметтік этика нормаларын сактау.

ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында Сыйбайлас жемқорлықпен және қылмыспен күрестің маңызды екені ерекше атап айттылды.

Сыбайлас жемқорлық түріндегі қылмыстық істермен табысты күрес жүргізу үшін Сыбайлас жемқорлық түріндегі қылмыстардың мәні мен түрін теория бойынша да, әсіресе тәжірибе жүзінде де анықтау өте маңызды болып отыр, сонымен бірге бұл қылмыстардың жасалуына көмекші болған жағдайларды және оның себептерін ашу .

Сыбайлас жемқорлықтың қоғамдық қауіптілігі:

- Билік басындағы тұлғалар жеке пайдасын көздел мемлекеттік саясатта айтқандарын жүргізеді, сол әрекетімен билікке кең қолемде әсер етеді, бұл қоғамдық пайданы іске асыру үшін жасалатын билік қызметінен де бірнеше есе асып түседі. Қоғам өміріне барынша ықпал жасайтын маңызды шешімдер сыбайластық негізінде қабылданады немесе түрлі үлгідегі «көлеңкелі фигераларға» тәуелді болғандықтан сыбайластарды жасыру үшін жасалады.
- Сыбайлас жемқорлықтан келетін тікелей шығындар мемлекеттік бюджеттің табысын азайтады, өндірілетін жалпы ұлттық өнім қолемі жанама түрде азаяды.
- Сыбайлас жемқорлық көлеңкем экономиканы кеңейтеді, бәсекелестікке кері әсерін тигізеді, себебі «пара» бәсекелестік емес мүмкіндіктер жасайды. Бұл нарықтық қатынастарды бұзады, жалпы экономика тиімділігі төмендейді, есесіне жаңа сыбайлас монополиялар құрған, көбінесе ұйымдастыранған қылмыспен байланысы бар экономикалық қатынастар орнайды.
- Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің нарықтық ойындар ережелерді адал, таза ұстауды қамтамасыз ететін мүмкіндігінің айырады, бұл нарықтық идеяның өзіне сенімсіздік туғызады, «орбитрд судья» қызметін атқаратын мемлекеттің беделін түсіреді.
- Кең тараған сыбайлас жемқорлық, әділетті жазасын алмаған қылмыскерлермен ауыз жаласкан мемлекеттік қызметкерлерді көргендер арасында шектеп шыққан арсыз келісімнен позиция туғызады.
- Сыбайлас жемқорлық қоғамдық адамгершілікке де, қауіп төндіреді, себебі азаматтар санасында, әсіресе жас үрпақтарда, өмірдің жоғары деңгейіне жетудің негізгі әдісі заңға қайши қызметпен байланысты екен деген терең өнегесіз сенім қалыптасуы мүмкін.
- Сыбайлас жемқорлық экономикалық субъектілердің шығындарын көбейтеді, бұл тұтыну бағасын және тарифтерді өсіреді.
- Сыбайлас жемқорлық басқару органдарын ғана бұзып қоймай, әр түрлі корпорациялардың басқару аппаратын да ірітеді. Жалпы басқару тиімділігі төмендейді – мемлекеттік те, коммерциялық та.

Жемқорлықтың сипатты белгісі лауазымды тұлғаның әрекеті мен және оның жұмыс берушісі арасындағы дау-дамай немесе таңдаулы тұлғаның әрекеті мен қоғам мүддесі арасындағы дау-дамай болуы мүмкін. Жемқорлықтың көптеген түрлері лауазымды тұлғаның іске асыратын алаяқтығымен тұспастыс келеді және мемлекеттік билікке қарсы жасалған қылмыс санатына жатқызылады.

ҚР Президенті Н.Назарбаев 2006-2010 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес сыйбайлас жемқорлықтан қорғауды қамтамасыз ету үшін нақты ұсыныстар жасады:

- азаматтық қоғам институттарына бірқатар арнайы рұқсат беру функцияларын дәйекті түрде беруді қамтамасыз ету;
- жеке кәсіпкерлік субъектілеріне тексеру жүргізуді нақты құқықтық регламенттеуді қамтамасыз ету;
- мемлекеттік органдардың қызметтер ұсыну ережелерін әзірлеу;
- сыйбайлас жемқорлық көріністері мен мемлекеттік қызметшілер мұдделерінің қақтығысының алдын алу үшін орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарда ішкі бақылау жүйесін құру;
- сыйбайлас жемқорлық қарсы заңнаманың сақталуы саласында құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің қалыптасуы жөнінде іс-шараларды жүзеге асыру;
- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы жобаларды іске асыру жөнінде мемлекеттік органдар қызметінің нәтижелері туралы жүртшылықты хабардар ету қажет .

Сондай-ақ стратегияда мемлекеттік қызмет институтының дамуына, мемлекетте және де шетелде, жалпы мемлекеттік жүйені басқарудың кадрларының дайындығына, Қазақстан өсідің әділетті дамуына ұйымдаскан жүйемен, әлеуметтік қамсыздандырудың кепілденген жүйесіне, басқарудың негізгі ресурсына ұқыпты қарау міндеттері жүктелді.

Сыйбайлас жемқорлықпен күресу аясында мақсат етіп қойған мемлекеттік саясат халықтардың құқық құбылыстарға шыдамсыздықтың көбеюі атап-тап проблеманы шешуге ықпалын жасауға тырысты. Құқық қорғау органдар және арнайы органдардың функцияларын нақтылауы және бөлінуі, олардың құрылымдарының оптимизациясы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы әрекетке тартылған жұмысшылардың кәсіби өсімін арттыруға ықпал жасады, азаматтардың құқықтары мен заңды мұдделерінің сақталуы.

Құқық қорғау органдары мен арнайы қызметкерлердің алдын алу және профилактикалық шараларды қүшету сыйбайлас жемқорлықпен күресуге мүмкіндік берді. Төмен деңгейде сыйбайлас жемқорлықтың көрінуі төмендетілді. Қоғамның сыйбайлас жемқорлыққа шыдамсыздық өсімі байқалады. Азаматтық қоғамның институты және қоғамдастық сыйбайлас жемқорлыққа қарсы әрекетіне көптен енгізіліп жатыр. Сыйбайлас жемқорлық ең қауіпті құбылыс ретінде саясат, экономика және әлеуметтік нәтижелерге өте маңызды әсер етуі болғандықтан Қазақстанда төмендетілген динамикаға ие. Сонымен катар позитивті тенденциялармен бұл бағытта мемлекеттік саясат көптеген шешілмеген проблемалар көрінеді.

Біріншіден, ҚР-дың сыйбайлас жемқорлықпен күрес туралы заңының қабылдануы алғашқы сатыда сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтармен күресуге жағымды импульс берілген, алайда сыйбайлас жемқорлықпен күресудің құқықтық базасын жаксарту үшін құқық қолдану тәжірибесінде соңғы екі жылда бірқатар жаңа заңдардың қабылдануын қажет етеді. Екіншіден, сыйбайлас жемқорлықпен күрес әрекетінен белгілі дәрежеде

сыбайластың көрінуін қысқартып төменгі деңгейге алып келді, алайда мемлекет қызметкерлердің жоғарғы деңгейлері – жоғары және орта түйіндер – мемлекет пен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қолдану шаралары әлі де оларға ешқандай әсерін тигізген жок. Мемлекеттік органдардың себепсіз қайта құрылған, кадрлардың «команда» жасақтау негізінде кадрларды өзгерту «уакытша» деген стереотипті тудырып сыйбайлас жемқорлықты жасауға жағдай жасайды. Бұл байланыста білім жүйесін жаксарту және іскерлік қасиеттер мен кәсібілігі кәсіби–сабак беру құрамына қабылдау және әрі қарай жылжыту қағидаларын енгізу арқылы кешенді қосымша шаралар талап етіледі.

Үшіншіден, сыйбайлас жемқорлықпен күресудің алғашқы сатысында мемлекеттік органдардың әрекеті олардың нәтижелерімен күресуіне бағытталған. Көп күш себептер мен жағдайларын жою бойынша жұмыстың жүйесіне емес, бөлек сыйбайлас жемқорлық көріністерін жоюға кетті. Сыйбайлас жемқорлықпен күресудің аталған сатысында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралары орта жедел программасы үлкен масштабта қарастырылып, ең алдымен экономикасының аясында тудыратын сыйбайластарды табуға және азайту жағдайларына бағытталған нақты іш-шаралар.

Төртіншіден, материалды техникалық құралдардың әлсіздігі құқық корғау органдары мен соттар қызметкерлерінің әлеуметтік және соттық қорғалуының толық болмауы солардың жеке қатарларында сыйбайластың жоғары деңгейінің толық болуы баска да факторлармен белгілі жағдайда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы программасын жүзеге асыруына теріс әсер етіп отыр. Сыйбайлас жемқорлыққа қатысушылары үшін сот жүйесінің және құқық корғау органдарының тәуелсіздігін көтеру маңызы талап етіледі.

Бесіншіден, азаматтық қоғамның мемлекеттік билік органдарына сенімінің аз болуы, тұрғындардың құқық білімінің төменгі дәрежеде болуы нәтижесінде оның әлеуметтік белсенділігі зандардың орындалуын әлсірете қоймай, зандардың қоғамда құқықтық мәдениеті ретінде дамуды тоқтатып құқықтық жауапкершілікті азаматтардың өзінің конституциялық құқықтарын кең пайдалануға ықпал жасалмайды. Нәтижесінде, құқықтық иммунитеттің төмендеуі сыйбайлас жемқорлық көріністерінің массалық ұнатпаулардың жок болуына әкеп соктырады.

«Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қурес туралы» Зан талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Паракорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абырайсыздық ұялатады, занды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен занды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазіргі таңда қоғамымызға қауір төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келенсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр.


Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбі азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етene сіңісп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

Шешім:

- 1.Сынып жетекшілер сыйбайлас жемқорлық туралы занды әрдайым ұстанып отырысын.
- 2.Ата-аналармен жемқорлық туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.

«№5 жалпы орта білім беретін мектебі»КММ

директоры :

 R.O.Капарова